


Әттең! Тіршілігім үшін бір нәрсе жіберген болсам еді" дейді. (24) Сонда, сол күні, ешкім Алланың істеген азабын істей алмайды. (25) Сондай-ақ ешкім Оның матауын матай алмайды. (26) Әй орныққан нәпсі! (27) Раббыңа, Ол сенен, сен Одан разы болған түрде қайт! (28) Енді құлдарымның арасына кір! (29) Сондай-ақ жаннаттыма кір! (30)

90-БӘЛӘД СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жиырма аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
Жоқ, осы (Мекке) қаласына ант етемін; (1) (Мұхаммед F.C.) сен осы қалада отырасың. (2) Әкеге, балаға (Адам F.C. мен балаларына) серт! (3) Расында адамзатты әбігер жараттық. (4) Өзіне біреудің күші жетпейді деп ойлай ма? (5) "Толып жатқан мал ысырап еттім" дейді. (6) Оны біреу көрмеді деп ойлай ма? (7) Оған екі көз жаратпадық па? (8) Әрі бір тіл, екі ерін? (9) Оған екі жол көрсетпедік пе? (10) Сонда ол,



кедергіні асуға тырыспады. (11) Кедергінің не екенің қайдан білесің? (12) Ол; құл азат ету, (13) Немесе ашаршылық күнде тамақтандыру; (14) Жақындығы болған бір жетімді, (15) Немесе шаң топырақтағы сорлыны. (16) Сосын иман келтіріп, бір-біріне сабыр меңзегендерден және өзара мейірімділік кеңесін бергендерден болу. (17) Міне осылар; оңшылдар. (18) Сондай аяттарымызға қарсы шыққандар, олар; солшылдар. (19) Олар тозаққа қамалады. (20)